


«Келісілді»

Әйтеке би аудандық білім
бөлімінің басшысының м.у.а
А.Т.Саметеев
« 31 » 08 2023 ж



«Бекітілді»

«Сұлукөл жалпы орта білім
беретін мектебі» директоры
А.Утегенова
« 31 » 08 2023 ж



«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сұлукөл жалпы орта
білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылына арналған үлгілік оқу жоспары

Сұлукөл ауылы

2023жыл

**Сұлукөл жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылына
оқу жұмыс жоспарының
ТҮСІНІК ХАТЫ**

Оқу жоспарының мазмұны «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйек № 394 бұйрығымен бекітілген(бұдан әрі-Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартын іске асыруда.

«Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына(бұдан әрі-Үлгілік оқу жоспары);(2022 жылғы 9 қыркүйек № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, 3-қосымшасы үлгілік оқу жоспары (5-жастағы балалар)

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына (2020 жылғы 24-қыркүйектегі №412 өзгерістер енгізу туралы бұйрығы.) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі –Үлгілік бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы.

«ҚР-ның мектепке дейінгі ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқаулық хаты басшылыққа алынды.

1. Мектепке дейінгі оқытудың барлық жас ерекшелік сатысындағы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын әзірлеуге талаптарын белгіленген санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Сұлукөл жалпы орта білім беретін мектебінің мектепалды даярлық сыныбында 6-оқушы бар. Тәрбие мен оқыту жұмыстары қазақ тілінде жүргізіледі.

2023-2024ж оқу жоспары педагогикалық кеңесте қаралып (хаттама №1

31.08.2023ж) қаралып сараптау комиссиясының шешімі және бұйрығы

№ .09.2023ж негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «09» 9
№394 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
3-қосымша

**Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы)
мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
жоспары (5 жастағы балалар)**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы	-	20 сағат

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.